

Т.Рысқұлов аудандық  
білім бөлімі басшысының  
у.м.а. Б.Самылтыровка

Тұрар Рысқұлов ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, Сізге Қазақстан Республикасының Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде және мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мақсатында «Мемлекеттік тіл – Тәуелсіздік символы» атты аудандық байқауын өткізетінін хабарлайды.

Байқаудың негізгі мақсаты – мемлекеттік тілді жетік меңгерген этнос өкілдері арасында қазақ тілінің этносаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және тіл меңгерген қоғамдық белсенді азаматтарды ынталандыру болып табылады.

Осыған байланысты, аудандық білім бөліміне қарасты білім беру мекемелерінде (мектептерде, балабақшаларда) қызмет ететін, мемлекеттік тілді жоғары деңгейде меңгерген этнос өкілдері арасынан үміткерлерді анықтап, байқауға қатысатын азамат туралы мәліметті ресми түрде жолдауыңызды сұраймыз.

Байқаудың аудандық кезеңі 2026 жылғы 15 маусым күні сағат 10:00-де аудандық Достық үйінде мемлекеттік тілде өтеді. (Облыстық кезең 25 маусым күні Тараз қаласы)

Байқауға қатысушылардың өтінімдері және бірінші кезеңнің бейнематериалдары ағымдағы жылдың 8 маусымына дейін қабылданады. Аудандық кезеңнің жеңімпазы облыстық байқауға жолдама алады.

Байқауға қатысу өтінімінің нысаны осы хатқа қосымша ретінде жолданады

Ынтымақтастық орнатып, қолдау көрсеткеніңіз үшін алдын ала алғыс білдіреміз.

Қосымша – 3 парақ

Аудан әкімдігінің мәдениет  
және тілдерді дамыту бөлімінің  
басшысының у.м.а.



М. Төрқұлов

## Жалпы ережелер

«Мемлекеттік тіл – Тәуелсіздік символы» аудандық байқауын ұйымдастыру және өткізу ережесі

Байқау 2 кезеңнен тұрады:

1) Бірінші кезең: «Үздік цифрлы контент» – жасанды интеллект құралдарын пайдалана отырып әзірленген, әлеуметтік желілерде (*Instagram, Facebook, TikTok*) **#tauelsizdiksимволі** хэштегімен жарияланған сапалы әрі мазмұнды аудиовизуалды өнім. (*Ұзақтығы 2 минуттан 3 минутқа дейін, контент мемлекеттік тілде ұсынылуы тиіс, материал әлеуметтік желілерде ашық қолжетімді болуы қажет, авторлық құқық талаптары сақталуы тиіс*).

2) Екінші кезең: «Қазақ тілін үйренудегі тиімді әдістер» – қазақ тілін меңгеруге арналған тиімді әдістерді көрсетуге, жеке тәжірибесімен бөлісуге және қазақ тілін күнделікті өмірде және кәсіби ортада қолдануды арттыруға бағытталған нақты жоба. (*жоба келесі бағыттардың бірін қамтуы тиіс: қазақ тілін күнделікті өмірде немесе кәсіби ортада қолдануды арттыруға бағытталған бастамалар; қазақ тілін меңгерудің, үйренудің тиімді немесе жеке тәжірибеге негізделген әдістерін ұсыну*

1 «Мемлекеттік тіл – Тәуелсіздік символы» аудандық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу ережесі байқауға қатысу және жеңімпазды, жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

2 Байқаудың мақсаты – мемлекеттік тілді жетік меңгерген этнос өкілдері арасында мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, қазақ тілінің этносаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

3 Байқаудың міндеті – мемлекеттік тілді жетік меңгерген этнос өкілдерін анықтау, мемлекеттік тілді меңгерген қоғамдық белсенді азаматтарды ынталандыру.

1 Байқауға қатысушылардың жұмысын бағалау және жеңімпазды, жүлдегерлерді анықтау үшін қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамын Бөлім анықтайды. Қазылар алқасының құрамына филолог мамандар мен тіл жанашырдары кіреді. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

2 Қазылар алқасы шешім шығару барысында мынадай талаптарды басшылыққа алады: тақырыпқа сәйкестік; ақпараттың өзектілігі, нақтылығы мен шынайылығы; мәселені талдау тереңдігі; материалды ұсыну шеберлігі.

3 Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде ресімделіп, барлық мүшелері қол қояды.

### 3. Байқауға қатысу тәртібі

1 Байқауға қатысу туралы өтінімді белгіленген мерзімге дейін Тұрар Рысқұлов ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне осы Ережеге қосымша берілген нысанға сәйкес жолдау қажет. Белгіленген мерзімнен кешіктіріліп ұсынылған өтінімдер қаралмайды.

### **Байқауды ұйымдастыру тәртібі**

1 Байқауды ұйымдастырушы – Тұрар Рысқұлов ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі (*бұдан әрі – Басқарма*).

2 Байқаудың аудандық кезеңі 2026 жылғы 15-маусым айында Құлан ауылында мемлекеттік тілде өтеді.

3 Байқауды өткізу туралы хабарландыру байқау басталғанға дейін Бөлімнің интернет-ресурсында немесе әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында орналастырылады және ауылдық округтер мен мекемелерге жолданады.

4 Байқауға Тұрар Рысқұлов ауданына қарасты ауылдық округтерден, мекемелер мен кәсіпорындардан іріктелген, мемлекеттік тілді жетік меңгерген этнос өкілдері қатысады.

5 Аудандық кезеңге қатысуға өтінім ауылдық округ әкімінің немесе мекеме/ұйымның бірінші басшысының қолымен ұсынылуы тиіс.

**«Мемлекеттік тіл – Тәуелсіздік символы» аудандық  
байқауына қатысуға өтінім**

1. Т.А.Ә. \_\_\_\_\_
2. Ұлты \_\_\_\_\_
3. Жасы \_\_\_\_\_
4. Жұмыс немесе оқу орны \_\_\_\_\_
5. Лауазымы \_\_\_\_\_
6. Мекенжайы (ауылдық округі) \_\_\_\_\_
7. Байланыс телефондары (ұялы) \_\_\_\_\_
8. Қосымша ақпарат \_\_\_\_\_